



Хабарлама

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қоғам» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ), атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Сығанақ көшесі, 17/12-ғимарат, осымен өз акционерлеріне «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы мынадай күн тәртібімен сырттай өткізілетіні туралы хабарлайды:

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясының мүшелерін сайлау туралы.

2. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың 2021 жылғы жылдық (жеке және шоғырландырылған) қаржылық есептілігін бекіту туралы.

3. 2021 жылғы шоғырландырылған таза кірісті және өткен жылдардағы шоғырландырылған бөлінбеген пайданың бір бөлігін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау туралы.

4. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат.

5. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат.

6. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қаржылық тұрақтылығы коэффициенттерінің шекті және нысаналы мәндерін белгілеу туралы.

7. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту туралы.

8. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.

9. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі болып табылады (2022 жылғы 11 сәуірдегі № 3/22 хаттама).

Бюллетеньдерді берудің басталу күні 2022 жылғы 19 мамыр.

Бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталу күні 2022 жылғы 26 мамыр 18 сағат 00 минутқа дейін (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша).

Сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні 2022 жылғы 27 мамыр 18 сағат 00 минутқа дейін (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша).

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні мен уақыты – 2022 жылғы 20 сәуір 00 сағат 00 минут (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша).

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін Қоғам

акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде 10 күн бұрын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ ғимаратында дайын және қолжетімді болады: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қ., Сығанақ к., 17/12 құрылыс, 18- қабат, 11-кабинет, жұмыс күндері сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша). Қоғам акционерінің сұрау салуы болған кезде Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мұндай акционерге сұрау салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберілетін болады, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығыстарын акционер көтереді. Акционерлердің сауалдары Қоғамның орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңының 35-52-баптарына сәйкес өткізіледі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу тәртібі

Сырттай дауыс беру үшін бюллетень жіберу арқылы дауыс беретін акционерлер тегін, атын, әкесінің атын/ заңды тұлғаның атауын, дауыс беретін акциялардың санын көрсетуі және дауыс беру нұсқаларының бірін таңдауы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға - акционер (жеке тұлға-акционердің өкілі) оның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді (жеке куәлігінің/паспортының нөмірі, берілген күні, құжатты берген орган және жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)) көрсете отырып, қол қоюға тиіс. Акционер сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынуы тиіс.

Егер акционерлердің - заңды тұлғалардың атынан Акционерлердің жалпы жиналысына олардың жеке-дара атқарушы органдары қатысатын болса, онда олар лауазымға сайланғаны немесе тағайындалғаны туралы құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынуға міндетті.

Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы (жеке тұлға-акционердің өкілі) қол қоюға тиіс.

Жеке тұлға – акционердің не заңды тұлға – акционер басшысының немесе жеке тұлға - акционер өкілінің не заңды тұлға - акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

Бюллетеньде дауыс беру нұсқаларының біреуі ғана белгіленуі тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ жіберілуі немесе Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Сығанақ көшесі, 17/12 ғимарат мекенжайы бойынша «Қазатомөнеркәсіп»

ҰАК» АҚ кеңсесіне 2022 жылғы 26 мамырда 18 сағат 00 минутқа дейін қолма-қол тапсырылуы тиіс.

Акционердің өкілі сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Дауыстарды санау кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

Егер барлық бюллетеньдер берілген күнге не бюллетеньдерді беру мерзімі аяқталған күнге оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК « АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің тізімін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінің деректері негізінде «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ жасайды.

Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға Қоғамның өзіне тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерінің «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға құқығы бар.

Жаһандық депозитарлық қолхаттарды ұстаушылардың депозитарий (Citibank N. A.) арқылы бенефициарлық иеленушілерге қатысты қолданылатын қазақстандық заңнамаға сәйкес талап етілетін сәйкестендіру ақпаратын және басқа да ақпаратты «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ға ұсынған жағдайда, депозиттелген акцияларға қатысты бенефициарлық иеленушілер атынан «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналыстарында дауыс беруге құқығы бар.

Материалдар бойынша, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бойынша сұрақтарға жауаптарды жұмыс уақытында +7 (7172) 458163 телефоны бойынша немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ атына жазбаша сұрау хат арқылы алуға болады.